

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттырудың тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 3 желтоқсан N 1854.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.11. N 31 қаулысымен. ~P020031

"Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы"

Z970136_

Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттырудың тәртібі туралы ережелер бекітілсін.
2. Осы қаулы 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 3 желтоқсандағы
N 1854 қаулысымен
бекітілген

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан
төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін
арттырудың тәртібі туралы
Ереже

1. Осы зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттырудың тәртібі туралы ереже "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеге сәйкес жыл сайын оларды арттыруды қоса есептегенде 10000 теңгеден аспауға тиісті Орталықтан төленетін көрсетілген сомадан аспайтын зейнетақы төлемдерінің мөлшері арттырылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 42 қаулысымен. P010042_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.05. N 329 қаулысымен. P010329_

3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Орталықтан төленетін ең аз зейнетақы төлемінің мөлшері тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

5. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері өткен жылғы ең аз зейнетақы мөлшерінен тұтыну бағаларының болжамдық орташа жылдық индексі ескеріле отырып есептелген сомаға арттырылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 42

қаулысымен.

P010042_

6. Инфляцияның индексі жағдайында зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру жүргізілмейді.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 42

қаулысымен.

P010042_

7.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 42

қаулысымен.

P010042_

8. Арттырылған ең аз зейнетақы төлемінің мөлшерінен кем болатын зейнетақы төлемдерінің толық емес көлеміндегі мөлшері, Орталықтан төленетін арттырылған ең аз зейнетақы төлемінен нақты еңбек стажына барабар белгіленеді.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 42 қаулысымен.

P010042_

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.

Касымбеков Б.А.